«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
КОМИТЕТІНІҢ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

080012, Тараз қаласы, Ленин көшесі, 25
тел.: 43-18-84, факс: 45-83-84
e-mail: fink_taraz@at.minfin.kz

080012, г. Тараз, ул. Ленина, 25
тел.: 43-18-84, факс: 45-83-84
e-mail: fink_taraz@at.minfin.kz

26.03.2018г. № ІМ-1-6-14/840

**«Жамбыл облысы
Жастар маслихаты»
ЖҚБ-нің төрағасы
Камал Т.Ә.**
Тараз қ., Әзірбаев к-сі, 3

Жамбыл облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит Департаментімен *(ары қарай – Департамент)* Сіздің 2018 жылғы 12 наурыздағы арызыңыздың негізінде № 2281061-1 мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс бойынша Жамбыл облысы үкіметтік емес ұйымдарының дін саласында мәселелерінің әлеуметтік маңызды жобаларды бойынша көрсетілетін қызметтері мемлекеттік сатып алуларының камералдық бақылауы жүргізіліп, келесідегі анықталды.

Тапсырыс берушінің техникалық ерекшелік сипаттамасында **өнім берушіге** дін саласындағы жұмыс тәжірбиесі 3 жылдан кем болмауы тиіс деген талап қойылған.

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алулар туралы» № 434-V Заңының *(ары қарай – Заң)* 2 бабында осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар айқындалған.

Атап айтсақ, Заңның 2 бабының 24 тармақшасына сәйкес, <u>өнім беруші</u> – <u>тапсырыс берушімен мемлекеттік сатып алу туралы жасасқан шартта</u> оның контрагенті ретінде әрекет ететін, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум). Кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғаға жекеменшік құқығымен тиесілі тұрғынжайды тапсырыс берушілер сатып алған жағдайда, мұндай жеке тұлға өнім беруші болуы мүмкін.

Заңның 2 бабының 2 тармақшасына сәйкес, <u>әлеуетті өнім беруші – мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер</u>, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында олар үшін өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум). Кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлға осы жеке тұлғаға жекеменшік құқығымен тиесілі тұрғынжайды тапсырыс берушілер сатып алған жағдайда, әлеуетті өнім беруші болуы мүмкін.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, конкурстық комиссияның әлеуетті өнім берушілерді конкурсқа қатысу кезінде техникалық ерекшелікте өнім берушіге қойылған талап бойынша шеттетуге құқығы жоқ.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы № 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 бабы және 14 бабының 6 бөлімдеріне сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым беруіңізге болады.

Басшының орынбасары **Қ. Орманов**

Орынд. Кунедилов Ж.
Тел. 8 (7262) 43-54-60